

17 Қазан
Сейсенбі,
2023 жыл

uil-gazet@mail.ru

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады

Ойыл

«ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ – ЖЫЛЫ ЖҮРЕКТЕН»



Халқымызда «Қайырымдылық – жылы жүректен» деген қанатты сөз бар. «Жанашырлыққа - жан риза» дегендей, ерекше қамқорлықты қажет ететін адамдардың жанашыр қамқоршысы болып, аялы алақанын тосып, жүрек жылуын ұсыну, сауабы мол іске ат салысу әрбір адамның азаматтық парызы.

Өрине, адам өміріндегі ең игі істерінің бірі – мұқтаж жандарға қамқорлық жасау. Адамдар бір-біріне қайырымдылық, мейірімділік таныту арқылы жақсылық жасайды.

Өйткені, қамқорлықты қажет ететін жандарға қолұшын беру жақсылыққа қадам.

Осындай жақсылыққа қадам күәсі - алпыс адамға «Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығында дастархан жайылып, құрмет көрсетілді.

Дастархан басында емен-жарқын әңгімелесіп, бір-біріне ізгі лебіздерін жолдаған жандарды аудан әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев құттықтады. Аудандық мәдениет үйінің көркемө-

нерпаздары әнмен шашу шашса, ерекше қамқорлықты қажет ететін адамдар да өздерінің жүрекжарды тілектерін жеткізді.

Ойыл ауданында осындай санатқа жататын 442 адам бар. Олардың ішінде 90-ы көмелетке толмаған балалар.

Олар мемлекет тарапынан арнайы жәрдемақы мен әртүрлі әлеуметтік жеңілдіктер алып отыр. Сонымен қатар, Ойыл селосында «Аққу» мүгедектерге және егде жастағы азаматтарға көмек көрсету орталығы» қоғамдық бірлестігі оңалту бағдарламаларына сай қызмет етсе, «Бекарыс» дене мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларды қатарға қосу орталығы» қоғамдық бірлестігі олардың қажеттіліктеріне орай тегін көлік қызметін көрсетеді.

«Жылуы жоқ үйден без, қайырым жоқ биден без», - дегендей қайырымдылық, адамгершілікті биік ұстап, кісілікті ту етіп, көкірегі қаяулы, жаны жаралы жанның жасын сүртіп, жылы лебізін аямай, қолдан келген жәрдемін ұсыну әр жанның азаматтық парызы.

ӨНЕРМЕН ОРИГЕН ӨМІР

КИЕЛІ ОЙЫЛ ТОПЫРАғыНДА ТУЫП, ТАЛАНТЫМЕН КҮЛЛІ ҚАЗАҚҚА ТАНЫЛҒАН ТҰЛҒАЛАР ЖЕТЕРЛІК. АЛ, ҚАНША ДАРЫНДЫ БОЛА ТҰРА, АРМАН ҚУЫП АЛЫСҚА КЕТПЕЙ-АҚ ТУҒАН ЖЕРДІҢ ТӨСІНДЕ ЖҮРІП, ЕҢБЕК ЕТІП, АБЫРОЙ ЖИНАҒАН АЗАМАТТАР ДА АРАМЫЗДА ЖҮР.



Сондай жандардың бірі Ойыл аудандық балалар музыка мектебінің жоғары санатты педагогы, ҚР білім беру ісінің үздігі, ҚР оқу-ағарту министрлігінің «Еңбек ардагері» төсбелгісінің иегері, зейнет жасқа жеткен құрметті ұстаз Бекмұхамбет Махметұлына арналған «Өнермен өрілген өмір» атты шығармашылық кеш өтті.

Өнегелі өмір мен тағылымды өнер жолындағы құнды естеліктер айтылған кеште аудан әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев қатысып, құттықтауын жеткізді. «Ауданға сіңірген еңбегі» төсбелгісімен наградтады. Сондай-ақ, ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі, ау-

дандық білім бөлімі мен аудандық білім қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымы атынан Құттықтау хаты мен шипажайға жолдама табыстады. Кеш барысында әріптестері мен туыстары, шәкірттері қызыққа толы шақтары мен елеулі сәттерін, алғашқы еңбек жолынан, білім саласындағы жеткен жетістіктері туралы сыр шертілді.

Балалық шақта тай-құлындай бірге өскен құрдас-кластастары бейнеқұттықтау арқылы ыстық лебіздерін жолдады.

Әрі қарай ел аузында Бекен ата-нып көткен ағайға арналған кеште күмбірлеген күй, әсем әуен мен биге көмкеріліп, жылы лебіздер айтылды.



Өнердің қай саласында болсын өзіндік нақышы мен мәнері қалыптасқан, арғы бастауында, өткенінде бүгінгі ізбасар ұрпақ ұстаз ретінде ауыз толтыра айтатын көрнекті тұлғалары бар.

Солардың бірі ғана емес, бірегейі Нұрсұлу апамызды аталған бекзат өнердің киелі далада негізін қалаған алғашқы қарлығашы десек, артық емес.

Ойыл топырағында туып-өсіп, өз бетімен ізденіп, өзін-өзі би қанатында жетілдірген, уақытында қазақтың би өнерін заманауи деңгейге көтерген тұлға – Нұрсұлу

Тапаловаға туған жерінде көше берілсе, өткен аптада аудандық мәдениет үйінің алдында ескерткіш тақта ашылды.

Ескерткіш тақтаны өзі қаражатына жасатып, тарту еткен Ойыл ауданының құрметті азаматы Рақым Қарабадиев тума талант иесіне елдің құрметін осылай ұштастырды.

Ескерткіш тақтаның ашылу салтанатында сөз алған аудан әкімінің міндетін атқарушы Саян Сүлейменов жерлес бишінің есімін ұлықтау мақсатында соңғы жылдары туған жерінде кешенді ша-

ралардың атқарылғанын айтса, Рақым Қожасұлы әйгілі бишіні өмірінде бір-ақ рет көргенін жасырған жоқ.

Сондай-ақ, осы шарада Шығанақ Берсиев атындағы аудандық өнер және өлке тарихы музейінің директоры Балқия Рысбаева бір кездері елеусіз қалған жерлесіміздің есімін ұлықтау мақсатындағы аудандық, облыстық, республикалық деңгейдегі шаралардың ұлттың рухани қазынасына қосар үлесіне тоқталды. Осындай игілікті іске бастама көтеріп, мұрындық болған ел аға-

сына даңқты бишінің туысы, ардагер ұстаз Зәуреш Молдашева шынайы ілтипатын білдірді.

Р. С. Нұрсұлу Тапалова – үлкен тарихи тұлға, көрнекті өнер майталманы.

Қазіргі таңда өлімізде Нұрсұлу Тапаловаға арналған кең көлемде Республикалық би байқаулары ұйымдастырылып тұрады. Нұрсұлу Тапалова игерген, халқына тарту өткен би өнері бүгінде ұлттық руханиятымыздың құндылығына айналады.

Серікбай ҚОЙБАҒАРОВ,
Ойыл селосы.

ДӘСТҮРЛІ ТУРНИР МЕН ЖОЛДАСТЫҚ КЕЗДЕСУ | ЕСКЕРТКІШ ТАҚТА – АНАҒА ТАҒЗЫМ!



Өткен сенбі күні Ойыл балалар-жасөспірімдер спорт мектебінде 25 қазан Республика күніне орай 2008-2002, 2010-2011, 2013-2014 жылы туған жасөспірімдер арасында бокстан Ойыл ауданы командасы мен Қобда ауданының командасы арасында жолдастық кездесу ұйымдастырылып өткізілді.

Жарыс қорытындысы бойынша спортшыларымызды спорт ардагері Қарабадиев Рахым Қожасұлы қаржылай демеушілік жасап ма-

рапаттады.

Сонымен қатар, Ойыл ауданының құрметті азаматы, спорт ардагері Рахым Қарабадиевтың жұлдесі үшін футболдан VII дәстүрлі аудандық турнир өткізілді.

Турнирге 5 команда қатынасып, қорытындысы бойынша III орын Ұстаздар командасы, II орын Ұлан командасы, I орын Көкжар командасы иеленді.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге Рахым Қожасұлы марапатын ұсынды.



Ойыл селосындағы Шернияз көшесінің бойындағы екі қабатты тұрғын үйдің қабырғасына ескерткіш тақта орнатылды. Ол үйде 1970-72 жылдары «Еңбек Қызыл Ту» орденінің иегері, еңбек ардагері Сәуле Зұлқарнайқызы Қарабадиева тұрған. Момериалдық тақтаның орнатылуына мұрындық болған баласы еңбек ардагері Рақым Қарабадиев. Ескерткіш тақтаның ашылуына көзін көрген ағалар мен ұлы Рақымның

замандастары жиналды. Жұртшылықты анаға құрметтің үлгісін көрсеткен Рақым ағаның игі ісімен құттықтаған аудан әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев атымтай азаматтың Ойыл үшін атқарған еңбегіне тоқталды.

Еңбек және спорт ардагерлері Болат Бекетаев пен Рақым Қарабадиевтар ескерткіш тақтаны салтанатты ашып, өнегелі істің ұлағатын жылы лебізбен ұштастырды.

ӘКІМ САЙЛАУЫ-2023

ОЙЫЛ АУДАНЫ ӘКІМДІГІНЕ ҮМІТКЕР АДИЛХАНОВ БОЛАТБЕКТІҢ

ӨМІРБАЯНЫ

Адилханов Болатбек 1970 жылы 28 қазанда Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Ойыл селосында дүниеге келді. Ұлты қазақ. Қазақстан Республикасының азаматы. 1977-1987 жылдар аралығында Н.К.Крупская атындағы Ойыл қазақ орта мектебінде оқып, орта білім алды.

1987 жылы Целиноград финанс-экономикалық техникумына студент болып қабылданды. 1988-1990 жылдар аралығында әскер қатарына шақырылып, Владивосток қаласындағы №6558 әскери бөлімінде қатардағы жауынгер болып Отан алдындағы борышын өтеді. 1991 жылы оқуын жалғастырып, «Қаржыгер» мамандығын алып шықты. Еңбек жолын 1991-1996 жылдар аралығында Ойыл аудандық салық инспекциясында аға, бас салық инспекторы, 1996-2012 жылдар аралығында Ақтөбе облысы бойынша қазынашылық департаментінің Ойыл ауданы бойынша бас қазынашы, структуралық өзгерістерге байланысты Ойыл аудандық қазынашылық бөлімі бастығы міндетін атқарушы, бөлім, басқарма бастығы қызметтерін атқарды.

2001-2004 жылдар аралығында Алматы Экономика және статистика академиясында сырттай оқып «Экономист» мамандығын алды.

2012 жылдан бастап осы күнге дейін Ойыл аудандық қаржы бөлімінің басшысы, структуралық өзгерістерге байланысты Ойыл аудандық экономика және қаржы бөлімі басшысы орынбасары, бөлім басшысы қызметін атқарып келеді. Отбасылық жағдайы – үйленген.



ӘКІМ САЙЛАУЫ-2023

ОЙЫЛ АУДАНЫ ӘКІМДІГІНЕ ҮМІТКЕР АЛДИЯР АРСЛАНБЕК АЛТЫНБЕКУЛЫНЫҢ

ӨМІРБАЯНЫ

Алдияр Арсланбек Алтынбекұлы 1987 жылы 15 қыркүйекте Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Ойыл ауылында дүниеге келген. 1993-2004 жылдар аралығында Ойыл қазақ орта мектебінде оқып, орта білім алды.

2004 жылы Ақтөбе ауыл шаруашылық колледжіне оқуға түсіп, 2007 жылы «Фельдшер» мамандығы бойынша аяқтады. 2008 жылы Ақтөбе қаласы «Дүние» университетіне оқуға түсіп, 2012 жылы «Ветеринарлық санитарлық дәрігері» мамандығы бойынша бітірді.

2008 – 2011 жылдары Ойыл аудандық салық басқармасына жеке кәсіпкер болып тіркеліп, мал дәрігерлік лицензиясымен Ойыл ауданы Ойыл ауылында қызмет етті.

2012 жылы Ойыл аудандық ветеринариялық станциясы МКК-да мал дәрігері қызметін атқарса, 2012 - 2013 жылдары аралығында Ш.Берсиев атындағы ауылдық округі әкімі аппаратында бас маман болды. 2013 жылы Ойыл ауылдық округі әкімі аппаратында бас маман қызметін атқарды. 2012-2017 жылдары аралығында Ойыл аудандық ветеринариялық станциясы МКК-да бекет меңгерушісі қызметін атқарды. 2016-2017 жылдары аралығында Ойыл аграрлық колледжі МКҚК-да оқытушы болып жұмыс жасады. 2017 - 2018 жылдары аралығында «Ойыл ауданының ветеринария бөлімі» ММ бас маман қызметін атқарды. 2018 - 2020 жылдары аралығында «Ойыл ауданының ветеринария бөлімі» ММ-де бөлім басшысы болып қызмет атқарды. 03.03.2020 жылдан осы уақытқа дейін Ақтөбе облысының ветеринария басқармасы ММ-де Ойыл ауданының өкілі-бас маман қызметін атқарып келеді. Отбасылық жағдайы – үйленген.



ӘКІМ САЙЛАУЫ-2023

ОЙЫЛ АУДАНЫ ӘКІМДІГІНЕ ҮМІТКЕР ЕРБАЗИЕВ АЙБАТ ТҮГЕЛБАЙҰЛЫНЫҢ

ӨМІРБАЯНЫ

Ербазиев Айбат Түгелбайұлы Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Ойыл селосында 1994 жылдың 4 наурызында дүниеге келген.

2011 жылы Ойыл селосындағы Ж.Жүсібаев атындағы Ойыл қазақ орта мектебін бітіріп, сол жылы, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетіне мұнай-газ ісі мамандығына оқуға түсті. Сонымен бірге, кейіннен Ақтөбе қаласындағы С.Байшев атындағы университетке түсіп, экономика және бизнес мамандығы бойынша аяқтады.

2016 жылы Ақтөбе қаласындағы әскери техникалық мектепті бітірді.

Еңбек жолын 2017 жылы Мұғалжар ауданы әкімі аппаратында жетекші маман қызметінен бастады.

2018 жылы ақпан айынан қараша айына дейін БатысқазЖер қойнауы департаментінде бас маман, 2018 жылдың қараша айынан 2021 жылдың қыркүйек айына дейін Ойыл аудандық ауыл шаруашылығы және кәсіпкерлік бөлімінде бас маман, сектор меңгерушісі, бөлім басшысы қызметтерін атқарды.

2021 жылы қыркүйек айынан бастап бүгінгі күнге дейін Ақтөбе облысының ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасында экономикалық талдау және агроөнеркәсіп кешенін дамыту бөлімінің басшысы, басқарма басшысының орынбасары қызметтерін атқарып келеді. Отбасылық жағдайы – үйленген.



САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ Құрметті аудан сайлаушылары!

Мен, Әділханов Болатбек, Ойыл ауданы әкіміне кандидат болуға шешім қабылдадым. Сіздердің қолдауларыңызбен ауданды басқару тұтқасын ұстау мүмкіндігі болып жатса, аудан тұрғындарының талап тілектерін ескере отырып, үміткер ретінде төмендегі сайлауалды бағдарламамды ұсынамын:

Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Заңдарын басшылыққа ала отырып, Сіздермен бірге ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету мақсатындағы мынадай жұмыстарды атқаруға күш саламын, атап айтқанда:

Ауыл шаруашылығы саласында «Ауыл аманаты» жобасын іске асыру есебінен жаңа жұмыс орындарының ашылуына қолдау көрсете отырып, ауыл тұрғындарының табысының көтерілуіне қолдау көрсетуді басты назарда ұстаймын;

Ауданда кәсіпкерлікті дамыту, сүт, көкөніс өнімдерін өңдейтін цехтар ашуға кәсіпкерлерді жұмылдырамын;

Еңбекке қабілетті жұмыссыз азаматтардың жұмыспен қамтылуына жағдай жасап, ауданда жұмыссыздық деңгейін мейлінше азайту бойынша шаралар қабылдаймын;

Ауданның елді мекендерін газбен қамту мәселелерінің шешілуіне жұмыс жасауға ықпал етемін;

Ауылдық елді мекендер мен көшелерді абаттандыру, жарықтандыру, автомобиль жолдарын жөндеу мәселелерін шешу бойынша тиісті жұмыстар жүргіземін;

Халықтың әлеуметтік осал топтарын тұрғын үймен қамтамасыз етілуіне қолдау көрсетіп, жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттауға, олардың бос уақыттарын тиімді ұйымдастыруға бағытталған спорттық және мәдени іс-шараларды жетілдіру бағытында жұмыс жасаймын;

Тұрғындардың өтініштерінің жан-жақты қаралып, оларды қанағаттандыру бойынша жұмыстарды бақылауда ұстаймын.

Құрметті сайлаушылар!

Бүгінгі күні алғаш рет ауданымыздың басқару тұтқасы өзімізге беріліп отыр.

Осы мүмкіндікті түсіністікпен бағалап, сайлауға қатысып, өздеріңізбен бірге атқарылатын менің сайлауалды бағдарламамды қолдап дауыс беруге шақырамын.

Жариялау ақысы кандидатқа үгіт жүргізуге бөлінген жергілікті бюджет қаражаты есебінен төленді

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ Құрметті аудан сайлаушылары!

Мен, Алдияр Арсланбек Алтынбекұлы Ойыл ауданы әкімдігіне үміткер ретінде сайлауға түскені отырмын.

Осылайша, Сіздердің қолдауларыңызға ие болып, ауданды басқаруға қолым жетсе, туған жерімді жан-жақты дамытуға қызмет жасауды азаматтық борышым деп санай отырып, Сіздермен бірлесіп атқаратын өз сайлауалды бағдарламамды ұсынамын:

Ауданның әлеуметтік-экономикалық даму индикаторларының негізгі көрсеткіштеріне қол жеткізе отырып, аудан тұрғындарының тұрмыс жағдайларының жақсаруын қамтамасыз ету;

Мемлекеттік және үкіметтік бағдарламалардың орындалуын жүзеге асыруды ұйымдастыра отырып, ауданда шағын кәсіпкерлікті, жаңа жұмыс орындарының ашылуын қамтамасыз ету жұмыстарын ұйымдастырамын;

Ауыл шаруашылығы саласында өнімдерді өңдеу саласын басым бағытта ұстаймын;

Аудан тұрғындарының талаптарын ескере отырып, мал дәрігерлік жұмыстардың сапалы жүргізілуін бақылауда ұстаймын;

Суармалы тары егіс көлемін ұлғайтылуына ықпал етемін;

Шаруа қожалықтарының мал басын асылдандыру бағытындағы қолдау көрсетемін;

Жұмыссыз азаматтардың жұмыспен қамтылуына жағдай жасап, тұрғындардың жеке қосалқы шаруашылығын дамытуына көмек беремін;

Ауылдық елді мекендерді газбен қамту деңгейін жоғарылатуға ықпал ете отырып, электр қуаты мен ауыз сумен қамту мәселелерінің уақытылы шешілуін бақылауға аламын;

Ауылдық елді мекендерде көшелерді асфальттау жұмыстарын жалғастыра отырып, елді мекендер арасындағы автокөлік жолдарын жөндеу мәселелерінің шешілуі бойынша жұмыс жүргіземін;

Жастардың бос уақыттарын тиімді ұйымдастыруға бағытталған спорттық және мәдени іс-шараларды жетілдіріп, өткізуге қолдау көрсетемін; Тұрғындардың талап-тілектері мен ұсыныс-пікірлерін үнемі назарда ұстап және олардың оң шешілуіне жұмыс жасаймын.

Құрметті сайлаушылар!

Ауданымыздың алдағы болашағы өзіміздің қолымызда.

Осы себепті Сіздерді сайлауға қатысып, менің сайлауалды бағдарламамды қолдап дауыс беруге шақырамын.

Жариялау ақысы кандидатқа үгіт жүргізуге бөлінген жергілікті бюджет қаражаты есебінен төленді

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ Құрметті аудан сайлаушылары!

Менің сайлауалды бағдарламам Сіздермен бірге аудандағы бүгінгі күні ең өзекті болып отырған төмендегідей мәселелерді шешуге негізделген:

Аудан елді мекендерін көркейту, көгалдандыру, абаттандыруына, ауыл көшелеріне асфальт төсеуді жалғастыру;

Ауыл шаруашылығы саласындағы кәсіпкерлікті дамыту, пайдаланбай жатқан жер учаскелерін қайтарып, қайта бөлу;

Шаруа қожалықтарына лизингтік жүйемен техникалар алуына көмек беру;

Ауыл шаруашылығы кәсіпкерлерінің отырған далалық жерлерінде инфрақұрылымның (ауыз су, жол, электр энергиясы) жүргізілуіне ықпал ету;

Жастарға (шығармашылық, өнер, ғылым, спорт т.б. салалар бойынша) қолдау көрсету;

Салауатты өмір салтын насихаттау, бұқаралық спорттың дамуын қамтамасыз ету мақсатында ауданның барлық елді мекендерінде шағын спорт алаңдарының салынуына ықпал ету;

Жастарды ауылдық жерлерге тұрақтандыру мақсатында ауыл елді мекендерде тұрғын үйлер салынуына ықпал етіп, жергілікті бюджет қаржысы есебінен қаржылық қолдау көрсету шараларының ұлғайтылуына ықпал ету;

Еңбекке қабілетті жұмыссыз азаматтардың жұмыспен қамтылуына жағдай жасап, ауданда жұмыссыздық деңгейін мейлінше азайту;

Ауданның елді мекендерінің газбен, ауыз сумен қамту мәселелерінің шешілуіне жұмыс жасау.

Құрметті сайлаушылар!

Ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық, мәдени дамуын қамтамасыз етуге үлес қосу баршаымыздың парызымыз.

Сайлауға қатысып, болашағымыздың жарқын болуы үшін менің сайлауалды бағдарламамды қолдап дауыс беруге шақырамын.

Жариялау ақысы кандидатқа үгіт жүргізуге бөлінген жергілікті бюджет қаражаты есебінен төленді

ӘКІМ САЙЛАУЫ-2023

ОЙЫЛ АУДАНЫ ӘКІМДІГІНЕ ҮМІТКЕР КАНДИДАТ ҚАЗЫБАЕВ АСҚАР ҚАЙЫРҒАЛИУЛЫНЫҢ

ӨМІРБАЯНЫ

Қазыбаев Асқар Қайырғалиұлы Ойыл ауданы Қаратал ауылында дүниеге келген. Орта мектеп бітіргеннен кейін Бөрсиев совхозында жұмысшы болып еңбек жолын бастаған. 1980-1985 жылдары Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институтын «Мал дәрігері» мамандығы бойынша және 2012 жылы С.Бөйішев атындағы Ақтөбе университетін «Құқық және экономика негіздері» мамандығы бойынша бітірді. Мамандығы бойынша еңбек жолын 1985-1988 жылдары Ойыл, Жекенді совхозында мал дәрігері, бас мал дәрігері болып бастады. 1988-1994 жылдары Бөрсиев совхозында босатылған комсомол комитетінің хатшысы, 1994-1997 жылдар аралығында Қаратал селолық округінің әкімі, 1997-1999 жылдары Ойыл ауданы әкімінің орынбасары болып қызмет атқарды. 1999-2010 жылдар аралығында әр кезеңде №2 Ойыл кәсіптік техникалық лицейінің директоры, аудан әкімі аппаратының бас маманы, мәдениет бөлімінің меңгерушісі, ауыл шаруашылық бөлімінің басшысы және аудандық аумақтық инспекция бастығы болып жұмыс жасады. 2010-2019 жылдары аудан әкімінің орынбасары болып, 2019 жылдың шілде айынан бастап Ойыл ауданының әкімі лауазымында осы кезеңге дейін қызмет етіп келеді. Отбасылы. Бір ұл, бір қыз тәрбиелеп өсірген.



САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ Құрметті аудан сайлаушылары!

ХАЛЫҚ СЕНІМІ-МАҒАН АМАНАТ ! МЕНІ АУДАН ӘКІМІ ЕТІП САЙЛАСАҢЫЗДАР, АЛДАҒЫ 4 ЖЫЛДА: •Ауданда ауыл тұрғындарының әл-ауқатын арттыруға бағытталған «Ауыл аманаты» жобасын іске асыруды жалғастырып, 4 жыл ішінде 300 ден аса жобаны іске асыруға; •2027 жылға дейін ауданда мал басын асылдандыру, мал саны мен ауыл шаруашылығы өнімдерінің ұлғаюына мемлекеттік қолдау көрсетуге; •«Жер аманаты» жобасы арқылы 4 жылда пайдаланылмайтын 25 мың га ауыл шаруашылығы жер учаскесін қайтара отырып, жаңа шаруа қожалықтарын ашу үшін жерлерді қайта бөлуді жүйелі түрде жалғастыруға; •2021-2025 жылдарға арналған «Кәсіпкерлікті дамытудың Ұлттық жобасы» шеңберінде жыл сайын шағын бизнестің кемінде 5 жобаның ашылуына қолдау көрсетуге; •Ауданның табиғи және тарихи орындарының ерекшеліктерін ескере отырып, туризмді дамыту үшін 2024 жылы Саралжын ауылдық округі аумағында жол бойындағы сервистік қызмет көрсетудің 1 объектісін салуды ұйымдастыруға; •2027 жылға дейін елді мекендердің ұялы байланыс және интернетпен қамтылу үлесін 100-ға жеткізуге; •Алдағы 4 жылда ауданда халықтың әлеуметтік осал топтары санатындағы тұрғын үй кезегінде тұрған кемінде 40 азаматтың тұрғын үймен қамтамасыз етілуіне көмек беруге; •2027 жылға қарай жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы жергілікті маңызы бар жолдардың үлесін 13,8% - дан 99,3% - ға дейін ұлғайтуға; •2027 жылға дейін кезең-кезеңмен ауылдардағы сапалы ауыз сумен жабдықтау қызметтеріне халықтың қолжетімділігін 100%-ға, ал газбен қамту деңгейін 68,1% - ға жеткізуге жұмыс жасаймын. •3 білім беру объектісіне күрделі жөндеу жүргізіп, мектептердің материалдық-техникалық базасын нығайту бойынша жұмыстарды жалғастыруға; •Аудандық аурухана ауылдық дәрігерлік амбулаторияларды жаңа медициналық жабдықтармен қамтамасыз етуді жалғастырып, жыл сайын кемінде 1 санитарлық автокөлік сатып алуға ұсыныс беруге; •еңбекке қабілетті жұмыссыз азаматтардың жұмыспен қамтылуына жағдай жасап, ауданда жұмыссыздық деңгейін мейлінше азайтуға; •Ауданда жастар саясатын дамыту мақсатында демеушілік арқылы «Ойыл жастары креативтік орталығы» ғимаратын салу және жұмыссыз жастарды жұмыспен қамту шараларына күш саламын. Мен ауданымыздың бюджеті шектеулі өкенин түсінемін, сондықтан қосымша қаржыландыру көздерін іздейтін боламын.

ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ ӨЛЕУЕТІН, БАЛАЛАРЫМЫЗДЫҢ БОЛАШАҒЫН, ЖАСТАРЫМЫЗДЫҢ ЕРТЕҢІН БІРГЕ ЖАСАЙМЫЗ!

Құрметті сайлаушылар!

Мен осы айтылғандарымды орындау үшін, оны ел игілігі мен туған жерімнің пайдасына асыру үшін АМАНАТ ЖҮГІН АРҚАЛАП сайлауға барамын!

Сайлауға келіңдер! Маған дауыс беріңдер!

Жариялау ақысы кандидатқа үгіт жүргізуге бөлінген жергілікті бюджет қаражаты есебінен төленді

ӘКІМ САЙЛАУЫ-2023

ОЙЫЛ АУДАНЫ ӘКІМДІГІНЕ ҮМІТКЕР СҰЛТАНОВ АЙБЕК ӨТЕГЕНҰЛЫНЫҢ

ӨМІРБАЯНЫ

Сұлтанов Айбек Өтегенұлы, 1988 жылы 9 қыркүйекте Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Қараой ауылында дүниеге келген. 1994 жылдың 1 қыркүйегінде Қараой орта мектебіне қабылданып, 2002 жылы «Ақтөбе облыстық мамандандырылған физика-математика мектеп интернатына» қабылданып, 2005 жылы мектепті аяқтады. 2005 жылы Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық университетіне түсіп, 2009 жылы «Машина жасау» мамандығы бойынша бітірді. 2009 жылы Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Сарбие ауылы, Қаракөл негізгі мектебіне мұғалім болып қабылданып, 2012 жылға дейін қызмет атқарды. 2012-2020 жылдар аралығында Қараой ауылдық округі әкімінің аппаратында бас маман қызметін атқарды. 2020 жылдың 1 маусымынан бастап, Қараой ауылдық округінің әкімі қызметін атқарып келеді. Отбасылық жағдайы – үйленген.



САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ Құрметті аудан сайлаушылары!

Мен, Сұлтанов Айбек Өтегенұлы, Ойыл ауданы әкімдігіне үміткер ретінде Сіздердің қолдауларыңызға ие болсам, төмендегідей өзімнің сайлауалды бағдарламамды жүзеге асыруға жұмыстанамын:

Қазақстан Республикасының заңдарының Қазақстан Республикасы Президентінің жыл сайынғы Жолдауларында және Қазақстан Республикасы Үкіметімен бекітілген салалық іс-шаралар жоспарының орындалуын жүзеге асыру бағытында қызмет жасаймын, оның ішінде:

Ауылшаруашылығы саласында мал азығын молайту, суармалы егісті дамыту, ауыл тұрғындарының ауыл шаруашылығы кәсіпкерлігімен шұғылданып, өздерінің табыс көздерін ұлғайтуына қолдау көрсетемін;

Кәсіпкерлік қызметті дамытып, ауыл шаруашылығындағы салалық мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру үшін жұмыс жасаймын;

Салық және бюджетке төленетін төлемдердің уақытылы толық түсін қамтамасыз ете отырып, олардың ауылдың қажетті салаларын дамытуға бағытталуына күш саламын;

Табысы төмен әлеуметтік жағынан аз қамтылған азаматтарға және мүгедектер мен қарттарға қолдау көрсетіп, оларға жергілікті бюджет қаржысы есебінен тегін қызмет түрлерін кеңейтуге ат салысамын;

Ауыл тұрғындарын жұмылдырып, елді мекенді абаттандыру, жарықтандыру, көгалдандыру және санитарлық тазалау жұмыстарын іске асыруға көңіл бөлемін.

Бұқаралық спортты тұрғындар арасында насихаттауды жүргізе отырып, «Салауатты Қазақстан» азаматтарының қатарын көбейтуге күш саламын.

Аймақтағы денсаулық, білім, мәдениет саласының жұмысын үнемі қолдап, олардың материалдық-техникалық базасының нығаюына ықпал етемін;

Ауыл жастарының көкейтесті мәселелерін оңтайлы шешіп, жастарды ауылдық жерде тұрақтандырып, Қазақстан Республикасының белсенді патриотын тәрбиелеу жұмыстарын белсенді жүргізетін.

Құрметті сайлаушылар!

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы Президенті Қ.К.Тоқаевтың бастамасы негізінде биыл алғашқы рет пилоттық режимде аудан әкімдерін жергілікті тұрғындардың сайлауы қолға алынып отыр. Президентіміздің ел басқару тұтқасын халыққа берілуіне қолдау көрсете отырып, баршамыз сайлауға қатысып, менің сайлауалды бағдарламамды қолдап дауыс беруге шақырамын.

Жариялау ақысы кандидатқа үгіт жүргізуге бөлінген жергілікті бюджет қаражаты есебінен төленді

ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРІ ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРҒА ЗЕЙНЕТАҚЫ ТӨЛЕУГЕ ҚАНША ҚАРАЖАТ БӨЛІНДІ?



Жыл басынан бері республикалық бюджеттен 2 трлн 477,6 млрд теңге сомасына зейнетақы төленді. Оның ішінде базалық зейнетақы төлеуге – 760,1 млрд теңге, ынтымақты зейнетақы төлеуге 1 трлн 717,5 млрд теңге қарастырылды. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметінше, 2023 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша зейнеткерлер саны – 2 млн 312 мың адам. 2023 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша жиынтық зейнетақының орташа мөлшері 120 988 теңге болса, оның ішінде ынтымақты зейнетақы мөлшері – 83 086 теңге, базалық зейнетақы – 37 902 теңге.

2018 жылғы 1 шілдеден бастап мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі зейнетақы жүйесіндегі өтілін ескере отырып, әр алушыға жеке тағайындалатынын еске сала кету керек. Бұл ретте 1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ынтымақты жүйеде жұмыс істеген уақыты, сондай-ақ міндетті зейнетақы жарналары төленген кезеңдер зейнетақы жүйесіндегі еңбек өтіліне қосылады. Егер азаматтың зейнетақы жүйесіндегі өтілі 10 жыл немесе одан аз болса, сондай-ақ мүлде жоқ болса, базалық зейнетақы ең төменгі күнкөріс деңгейінің 60%-на тең болса, содан кейін 10 жылдан асқан әр жыл үшін оның мөлшері 2 %ға артады. Ал егер сіздің өтіліңіз 20 жыл болса, базалық зейнетақы төменгі күнкөріс деңгейінің 80 %-ына тең болады. Еңбек өтілі 30 жыл немесе одан көп болса, күнкөріс деңгейінің ең жоғарғы мөлшерінде яғни 100% белгіленеді. Егер бір ай ішінде міндетті зейнетақы жарналары Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына жинақтасушы рет аударылса, жинақтаушы жүйеге қатысу мерзімі бір ай болады. Осылайша міндетті зейнетақы жарналары неғұрлым тұрақты және толық көлемде аударылатын болса, зейнет жасына жеткенде базалық зейнетақы төлемдерінің мөлшері соғұрлым көп болады. Өз кезегінде азаматтың жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің мөлшері 1998 жылғы 1 қаңтардағы жұмыс өтіліне (кем дегенде 6 ай қажет) және зейнеткерлікке дейінгі кезеңдегі орташа айлық табысына байланысты болады.

Қазақпарат



Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.
Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

РАЙСА САҚЫПҚЫЗЫ МЕҢГЕРЕЙ



Райса Сақыпқызы 1935 жылы Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Ойыл поселкесінде туған. Мамандығы математика-физика пәндерінің мұғалімі. Қаракемер сегізжылдық мектебінде 1971 жылдан 1990 жылға дейін математика пәнінің мұғалімі, мектеп директорының орынбасары болып жұмыс жасады. Райса апай еңбек еткен жерлерінде мамандығы бойынша математикадан сабақ беріп, үздіксіз 40 жыл мұғалім қызметін атқарған. «Мектеп киелі шаңырақ, ол әр баланың екінші үйі»

- деп бағалайтын Райса апайымыз мектепте үлкеннің жолын кеспеген, кішіге ақыл-парасатымен үлгі бола білген жан. Оқушыларға үнемі білім берумен қатар, ұлттық дәстүрлерді бойларына сіңіріп, тәрбиелеуден де жалықпай, шәкірттеріне, еліне, ұстаздар қауымына үлгі бола білген ұлағатты ұстаз.

Отбасында 9 бала тәрбиелеген ұстаздың балалары да қазіргі таңда еліне қызмет етіп жүрген азаматтар. Ұлағатты ұстазымыз Райса Сақыпқызының бұл өмірден өтуіне байланысты балалары мен ағайын-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтамыз.

Ойыл аудандық білім қызметкерлерінің кәсіподағы
Қаракемер мектеп-балабақшасының ұжымы

Ойыл аудандық аурухана ұжымы және кәсіподақ ұйымы Қарасу елді мекенінің мейірбикесі Мергенғалиева Гүлданаға, Дүйсеғалиевтер әулетіне аяулы қызы

Еркөнің
ауырып қайтыс болуына байланысты отбасына, ағайын – туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Газет аптасына бір рет шығады.
Таралымы 1326 дана. Тапсырыс 1437
Көлемі 1 баспа табақ, индекс 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің
баспаханасында басылды.
Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2.
Басылу сапасы жөнінде 400-400
телефонына хабарласуға болады.

Газет Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және Даму
министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру
және Ақпарат комитетінде
2016 жылдың 21 қаңтарында
тіркеліп,
№15790-Г куәлігі берілген.

БЖЗҚ САЙТЫ МЕН ҰЯЛЫ ҚОСЫМШАСЫНДАҒЫ ЖЕКЕ КАБИНЕТТЕ ЖАҢА ФУНКЦИЯЛАР ПАЙДА БОЛДЫ

"БЖЗҚ" АҚ енді өзектілігі төмендеп бара жатқан пошта байланысы және (немесе) электрондық пошта арқылы хабарлау тәсілдерінен бас тарту үшін БЖЗҚ кеңсесіне барудың және хабарлау тәсілін өзгерту (айқындау) туралы келісімге қол қояудың қажеті жоқ екенін хабарлайды.

Хабарлаудың бұл тәсілдерінен бас тарту үшін енді БЖЗҚ сайтындағы немесе ұялы қосымшасындағы Жеке кабинетке кіру жеткілікті.

Оны қалай істеуге болатынын түсіндіріп берейік:

- БЖЗҚ сайтындағы және ұялы қосымшасындағы Жеке кабинетке кіру кезіндегі авторланудан өткеннен кейін салымшының (алушының) "Пошта байланысы қызметтері арқылы" және (немесе) "Электрондық пошта арқылы" белсенді хабарлау тәсілдерінің бар-жоғын жүйе автоматты түрде тексереді.
- Жоғарыда көрсетілген хабарлау тәсілдерінің екеуі де, не біреуі ғана болған жағдайда салымшыға (алушыға): "Сізге "БЖЗҚ" АҚ Жеке кабинеті (веб-сайт немесе ұялы қосымшадағы) арқылы зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат алуға рұқсат берілуіне байланысты Сіз "БЖЗҚ" АҚ-ның зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпаратты бұрын өзіңіз таңдаған "Пошта байланысы арқылы" және (немесе) "Электрондық пошта арқылы" тәсілімен (тәсілдерімен) таратуынан бас тарта аласыз" деген хабарлама шығарылады.
- Келіскен жағдайда салымшының (алушының) БЖЗҚ дерекқорындағы ұялы телефон нөміріне жіберілетін SMS-код арқылы бас тартуды растау мүмкіндігі беріледі.
- БЖЗҚ дерекқорындағы телефон нөмірі өзекті болмаған жағдайда, БЖЗҚ ақпараттық жүйесінде сақталатын SMS-кодты алу үшін басқа ұялы телефон нөмірін көрсету мүмкіндігі бар.

Жеке кабинетте хабарлаудың ескірген тәсілдерінен бас тартқан кезде салымшыға өзінің зейнетақы жинақтарын тексеру және бақылауды бұрынғыдай Жеке кабинет арқылы жүзеге асыру мүмкіндігі сақталады.

Естеріңізге сала кетейік, бүгінде БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар әрбір салымшы (алушы) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпаратты Жеке кабинет арқылы 24/7 режимінде:

- enpf.kz сайты немесе БЖЗҚ ұялы

қосымшасы;

- egov.kz электрондық үкіметі порталы арқылы ала алады.

Сондай-ақ, салымшылар (алушылар) ЖЗШ-дан үзінді көшірме алу үшін тікелей БЖЗҚ кеңселеріне жүгіне алады. Бұған қоса, үзінді көшірмені таңдалған кестеге сәйкес электрондық пошта арқылы, егер олар бұрын хабарлаудың осы тәсілдерін таңдаған болса, пошта байланысы қызметтері арқылы (жылына 1 рет) алуды жалғастыруға болады.

Сонымен қатар, заңнаманың ережелеріне сәйкес салымшылар (алушылар) БЖЗҚ міндеттемелерін орындауға әсер ететін барлық өзгерістер туралы (оның ішінде электрондық мекенжай, телефон нөмірі, тұрғылықты мекенжайы, банк деректемелері) Қорға осындай өзгерістер орын алған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде хабарлауға міндетті екендігіне назар аударамыз. Хабарлау мүмкіндігі БЖЗҚ интернет-ресурстарындағы Жеке кабинет арқылы да, Қор кеңсесіне жүгіну арқылы да қолжетімді.

Айта кетейік, БЖЗҚ қызметтерінің 92% онлайн режимінде көрсетіледі. Қашықтықтан көрсетілетін сандық сервистердің қарқынды дамуы нәтижесінде интернет-хабарландыру ең ыңғайлы және жедел формат ретінде танымал болып келеді.

БЖЗҚ салымшыларының көпшілігі Қор қызметтерін ресми сайт немесе БЖЗҚ-ның ыңғайлы функционалдық ұялы қосымшасын пайдалана отырып, смартфондар немесе планшеттер арқылы алады. Ол Google Play немесе AppStore немесе Huawei AppGallery арқылы қазақ және орыс тілдерінде қолжетімді.

Зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпаратты Жеке кабинет арқылы онлайн режимде алу тәсілдері тұрғылықты мекенжайына қарамастан әлемнің кез келген нүктесінде отырып, қажетті ақпаратқа тәулік бойы қол жеткізуге, ЖЗШ-дағы зейнетақы жинақтарын көбейту бойынша нақты қадамдар жасау үшін өздерінің зейнетақы құқықтарын объективті бағалауға, жұмыс берушілер аударатын жарналардың дұрыстығын, толықтығын және уақытылы жүзеге асырылуын тексеруге мүмкіндік береді. Осылайша, тұрақты қадағалау сіздің болашағыңызға сенімді болуға жол ашады.

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы

ЕРЛІК ПЕН ЕРЖҰРЕКТІК ТӨРЕКЕСІ

19 ҚАЗАН – ҚҰТҚАРУШЫЛАР КҮНІ БИЫЛ **ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚҰТҚАРУШЫЛАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛҒАНЫНА 28 ЖЫЛ** ТОЛЫП ОТЫР. **АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАУ МЕН ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРДА ӨРЕКЕТ ЕТУ ЖҮЙЕСІ** ЕГЕМЕНДІГІМІЗДІ АЛҒАННАН **БЕРІ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ҚАЛЫПТАСУ ЖӨНЕ ДАМУ САТЫСЫНЫҢ** ЕЛЕУЛІ КЕЗЕҢНЕН ӨТТІ.



Осы уақыт аралығында төтенше жағдайлар туындай қалғанда қауіптің өтінен табылатын осынау қызмет саласы көптеген жетістіктер мен тәжірибелерге қол жеткізді. Кеңес кезеңінен қалған жүйені сақтай отыра, оны заманауи бағытта жетілдірген құтқарушылар өз атына бірде бір рет кір келтірген емес. Өзгеге көмек қолын созу қабілеті – адами жанашырлықтың жоғары көрінісі. Бірақ рухани адамгершілігі жеке басының қасиеті емес, өмірлік ұстанымы ретінде қалыптасқан және олардың мамандығы болып кеткен адамдар бар. Бұлар - ержүрек, тәуекелшіл, риясыз құтқарушылар. Олар үшін халықтың табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан қорғау - кәсіби борыш. Өткен күн мен бүгіннің арасындағы уақытты саралар болсақ, от пен судың ара-

сында өз өмірлерін бәйгеге тіккен бүгінгінің қаһармандарының күнделікті өмірі қауырт, күрделі екені даусыз. Олардың барлығы күн сайын халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін өз орындарында кәсіби борыштарын тынбастан адал атқарып жүр. 28 жыл – атаулы күн емес, межелі кезең. Азаматтық қорғау жүйесі табан тіреген үшінші онжылдықтың алғашқы жылдары бізді болашаққа ұмтылдырады. Алда әлі де міндеттер көп. Мақтаныш ететін де, атқарылатын да жұмыстар жеткілікті. Ең бастысы - алға ұмтылып, күш-қуатымызды арттыру және қайырымдылыққа, көмек беруге дайын болуға негізделген жедел өрекет ету жүйесін жетілдіру.

Тимур БАҚТЫГЕРЕЕВ,
Аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы.

ӘКІМ САЙЛАУЫ-2023

ОЙЫЛ АУДАНЫ ӘКІМІНЕ КАНДИДАТТАРДЫҢ ТҰРҒЫНДАРМЕН КЕЗДЕСУ КЕСТЕСІ

№	Кездесу өтетін орны (өлді мекен, көшесі, мекеме атауы)	Кандидаттардың кездесу өтетін мерзімі (күні, сағаты)				
		Адилханов Болатбек	Алдияр Арсланбек Алтынбекұлы	Ербазиев Айбат Түгелбайұлы	Қазыбаев Аскар Каирғалиевич	Султанов Айбек Утегенович
1	Ойыл ауылы, «Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығы, Шернияз көшесі №36	12.10.2023ж, сағат 14.00	11.10.2023ж., сағат 14.00	14.10.2023ж., сағат 11.00	11.10.2023ж., сағат 11.00	16.10.2023ж., сағат 14.00
2	Екпетал ауылы, Екпетал мектеп балабақшасы, Жасыл ел көшесі № 21	13.10.2023ж., сағат 11.00	11.10.2023ж., сағат 11.00	12.10.2023ж., сағат 11.00	18.10.2023ж., сағат 16.00	16.10.2023ж., сағат 11.00
3	Ақшатау ауылы, Ақшатау орта мектебі, Ақжол көшесі № 1а	11.10.2023ж., сағат 14.00	16.10.2023ж., сағат 14.00	13.10.2023ж., сағат 14.00	18.10.2023ж., сағат 14.00	14.10.2023ж., сағат 14.00
4	Қаракемер ауылы, Қаракемер мектеп-балабақшасы, Ынтымақтастық көшесі №1	11.10.2023ж., сағат 10.00	16.10.2023ж., сағат 10.00	13.10.2023ж., сағат 10.00	18.10.2023ж., сағат 11.30	14.10.2023ж., сағат 10.00
5	Қаратал ауылы, Берсиев ауылдық клубы, Ш.Берсиев көшесі №21	14.10.2023ж., сағат 12.00	20.10.2023ж., сағат 12.00	16.10.2023ж., сағат 12.00	19.10.2023ж., сағат 12.00	24.10.2023ж., сағат 12.00
6	Құмжарған ауылы, Соркөл орта мектебі, Қонаев көшесі №2	14.10.2023ж., сағат 10.00	20.10.2023ж., сағат 10.00	16.10.2023ж., сағат 10.00	13.10.2023ж., сағат 11.00	24.10.2023ж., сағат 10.00
7	Қарасу ауылы, Құрманов бастауыш мектебі, А.Жұбанов көшесі № 5	14.10.2023ж., сағат 15.00	20.10.2023ж., сағат 15.00	16.10.2023ж., сағат 15.00	19.10.2023ж., сағат 12.00	24.10.2023ж., сағат 15.00
8	Көптоғай ауылы, Көптоғай ауылдық клубы, Қазақстан көшесі № 18	15.10.2023ж., сағат 10.00	23.10.2023ж., сағат 10.00	18.10.2023ж., сағат 10.00	17.10.2023ж., сағат 10.00	26.10.2023ж., сағат 10.30
9	Амангелді ауылы, Амангелді орта мектебі, Бейбітшілік көшесі № 25	15.10.2023ж., сағат 12.00	23.10.2023ж., сағат 12.00	18.10.2023ж., сағат 12.00	17.10.2023ж., сағат 12.30	26.10.2023ж., сағат 12.00
10	Қарасу ауылы, Қарасу негізгі мектебі, Алашорда көшесі №2	15.10.2023ж., сағат 14.00	23.10.2023ж., сағат 14.00	18.10.2023ж., сағат 14.00	17.10.2023ж., сағат 14.00	26.10.2023ж., сағат 14.00
11	Шұбарши ауылы, Жақсыбайкөл негізгі мектебі, Ақсай көшесі №19	15.10.2023ж., сағат 16.00	23.10.2023ж., сағат 16.00	18.10.2023ж., сағат 16.00	17.10.2023ж., сағат 16.00	26.10.2023ж., сағат 16.00
12	Қараой ауылы, Қараой мектеп балабақшасы, Жасқайрат көшесі №26	18.10.2023ж., сағат 10.00	25.10.2023ж., сағат 10.00	17.10.2023ж., сағат 10.00	16.10.2023ж., сағат 10.00	27.10.2023ж., сағат 10.00
13	Құбасай ауылы, Құбасай бастауыш мектебі, Қызылқорған көшесі №7	18.10.2023ж., сағат 11.00	25.10.2023ж., сағат 11.00	17.10.2023ж., сағат 11.00	16.10.2023ж., сағат 11.00	27.10.2023ж., сағат 11.00
14	Сарбие ауылы, Сапақкөл орта мектебі, Өйтеке би көшесі №18	18.10.2023ж., сағат 14.00	25.10.2023ж., сағат 14.00	17.10.2023ж., сағат 14.00	16.10.2023ж., сағат 14.00	27.10.2023ж., сағат 14.00
15	Қаракөл ауылы, Қаракөл бастауыш мектебі, Абай көшесі № 10	18.10.2023ж., сағат 16.00	25.10.2023ж., сағат 16.00	17.10.2023ж., сағат 16.00	16.10.2023ж., сағат 15.00	27.10.2023ж., сағат 16.00
16	Саралжын ауылы, Ө.Дербісалин ат. Саралжын орта мектебі, Кеңес көшесі № 2	19.10.2023ж., сағат 14.00	27.10.2023ж., сағат 14.00	24.10.2023ж., сағат 14.00	23.10.2023ж., сағат 14.00	28.10.2023ж., сағат 14.00
17	Ақкемер ауылы, Жамбыл мектеп балабақшасы, Жеткіншек көшесі №7	19.10.2023ж., сағат 11.10	27.10.2023ж., сағат 11.00	24.10.2023ж., сағат 11.00	23.10.2023ж., сағат 11.00	28.10.2023ж., сағат 11.00
18	Бестамақ ауылы, Тайсойған негізгі мектебі, Аяпберген көшесі №1	19.10.2023ж., сағат 09.00	27.10.2023ж., сағат 09.00	24.10.2023ж., сағат 09.00	23.10.2023ж., сағат 09.00	28.10.2023ж., сағат 09.00
19	Шикұдық ауылы, Төректі негізгі мектебі, Қайрат Рысқұлбеков көшесі №16	19.10.2023ж., сағат 16.00	27.10.2023ж., сағат 16.00	24.10.2023ж., сағат 16.00	23.10.2023ж., сағат 16.00	28.10.2023ж., сағат 16.00
20	Қоңырат ауылы, Фельдшерлік амбулаторлық пунктi, Ойыл көшесі №1	19.10.2023ж., сағат 17.30	27.10.2023ж., сағат 17.30	24.10.2023ж., сағат 17.30	23.10.2023ж., сағат 17.30	28.10.2023ж., сағат 17.30
21	Ақжар ауылы, Саға мектеп балабақшасы, Мектеп көшесі №8	23.10.2023ж., сағат 10.00	18.10.2023ж., сағат 10.00	21.10.2023ж., сағат 10.00	20.10.2023ж., сағат 10.00	30.10.2023ж., сағат 10.00
22	Көсембай ауылы, Көсембай негізгі мектебі, Орталық көшесі №6	23.10.2023ж., сағат 12.00	18.10.2023ж., сағат 12.00	21.10.2023ж., сағат 12.00	20.10.2023ж., сағат 12.00	30.10.2023ж., сағат 12.00

ҚАРАТАЛЫМ -
БАҒА ЖЕТПЕС БАЙЛЫҒЫМ!

Қараталым - байлығысың
даламның,
Мен де өзіңе кірпіш болып
қаландым.
Алыс кетсем сағынатын
шығармын,
Қай шетінде жүрсем-дағы
ғаламның,
Шежірең бар жыр болып
өрілетін,
Тереңнен тарихың бар
көрінетін,
Ақын, сазгер, әнші мен күйшің
де бар,
Көмейден жыр дастаны
төгілетін.
Оңашада бір ой маза бермейді,
Ыстық сезім жүрегімді тербейді.
Қымбат маған өзен-көлің,
тау-тасың,
Мен өзіңнен алыс кеткім
келмейді.

Қарақат РАХМЕТТОЛЛАҚЫЗЫ,
Ш.Берсиев атындағы орта мектебінің кітапханасының жанындағы «Жас тілшілер» клубының мүшесі.

ЛАТЫН ӘЛІПБИНЕ КӨШУ - ТІЛІМІЗДІҢ БОЛАШАҒЫНЫҢ КЕПІЛІ!

ЛАТЫН ӘЛІПБИНЕ КӨШУ – ҰЛТ БОЛЫП ШЕШУГЕ ТИІСТІ ТАРИХИ МӘСЕЛЕ. ЕЛІМІЗДІҢ ДАМУЫҒАН 30 ЕЛДІҢ ҚАТАРЫНА КІРУІ, ЖАСТАРДЫҢ БІЛІМДІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДЫ ӨЛЕМГЕ ТАНЫТАТЫНДАЙ БОЛЫП ТӨРБИЛЕНУІ ҮШІН, ЛАТЫН ӘЛІПБИНЕ КӨШУ КЕРЕМЕТ МҮМКІНДІК БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.



Сондай-ақ, Елбасымыз өзінің 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Мемлекет өз тарапынан мемлекеттік тілдің позициясын нығайту үшін көп жұмыс атқарып келеді. Қазақ тілін кеңінен қолдану жөніндегі кешенді шараларды жүзеге асыруды жалғастыру керек.

Ағартушы-педагог ғалым Ахмет Байтұрсынұлы айтып кеткендей, «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі» деген. Алаш қайраткерлері де латын әліпбиін жазу-сызуда қолданды. Бұл бізге таңсық дүние емес. Латын әліпбиі әлемде кеңінен қолданылады. Латын әліпбиі б.з.б. VII ғасырда Римде грек және этрус әліпбиінің тармағы ретінде пайда болып, б.з. I ғасырда қалыптасқан. Орта ғасырда латын әліпбиі Еуропаға тарады. Африка, Америка және

Азия халықтары пайдаланады. Қазіргі латын әліпбиінде 25 әріп бар. Дауысты дыбыстар е әрпі созылыққы және қысқа.

«Президентке ұсынылған қазақ тілінің латын қарпіне негізделген бірыңғай стандартының жаңа жобасы халықтың күткеніне жауап болды. Алдында таныстырылған бірінші нұсқаға қатысты кейіннен көптеген ұсыныстар жасалғаны белгілі. Оның барлығы біздің әліпбиге, мемлекеттік тілге деген үлкен жанашырлықтың көрінісі. Осы орайда ғалымдар мен тіл мамандарының айтқан пікірлері қамтылып, талқылауға емін-еркін мүмкіндік берілді. Екіншіден, шынын айтқанда, мемлекеттік тілді Қазақстанда тұратын барлық азаматтардың білгенін қалаймыз ғой. Сондықтан кеше таныстырылған жоба қолайлы әрі тиімді деп ойлаймын және халықтың көңілінен шығады деген сенімдемін.

Оның сөзіне қарағанда, қазақ тілін басқа ұлт өкілдері тезірек меңгеруі үшін әліпби барынша әмбебап болуы тиіс.

Қазақ жазуын латын әліпбиі негізіне ауыстыру – әбден пісіп жетілген қазақ тілінің дамуына қажетті мәселе. Әліпбиді ауыстырудың ең маңызды, ең салмақты нәтижелері – жаңа әліпби тіліміздегі дыбыстық жүйелерді нақ анықтап, қазақ жазуының кемшіліктерін жоюға мүмкіндік береді, тілдің дамуына, қолданысын кеңейтуге күшті әсер етеді, қазақ тіліне айрықша мән беріп, қайтадан жаппай оқуға себеп болады.

Сондай-ақ, тіліміздің таза табиғи қалпын сақтап қаламыз.

Қазіргі уақытта ұялы телефондарда жарнамалар, хабарламалар латын әліпбиімен жазылады. Сонымен қатар, интернет желісінде де латын әліпбиіне аударатын транскрипция орнатылған, бірақ орыс графикасында ғана жасалған, болашақта қазақ графикасында жасалады деген ойдамыз. Латын әліпбиіне көшу-де осындай бастапқы жұмыстар атқарылып отыр.

Біздің мектепте мұғалімдер арасында жаңа әліпби туралы түсінік қалыптастыру мақсатында «Латын әліпбиіне көшу- рухани жаңғырудың басты құндылығы» тақырыбында дөңгелек үстел болып өтті. Өткізілген дөңгелек үстелдің кіріспе бөлімінде «Латын әліпбиін қаншалықты білеміз?» деген сұрақ төңірегінде мұғалімдер арасында тренинг ұйымдастырылды. Елбасы жолдауынан латын әліпбиіне қатысты пікірлері айтылып, бейнебаян көрсетілді.

Қорыта келгенде, латын әліпбиіне көшу – ұлтымыздың санасын бұғаудан босатады, түркі және жаһандық әлемімен ықпалдасуға, қазақ халқы ертеден қолданған әліпбиімізге қайта оралып, ұлттық санамыздың қайта жаңғыруына жол ашады демекпіз. Сондықтан, латын әліпбиіне көшу біз үшін, болашақ үшін әлдеқайда маңызды мәселе.

І. ДОСБАЕВА,
Ойыл аграрлық колледжі ағылшын тілі пәнінің оқытушысы.